

***Педагогтардың бос лауазымдарға және уақытша бос лауазымға орналасуға
конкурс бойынша комиссия отырысының***

хаттамасы

күні: 16.08.2023 ж.

Қатысқандар:

Байқау комиссиясының төрайымы Таранцева Н.Ю.

Төраға орынбасары Балгабаева Г.Д.

Комиссия мүшелері:

Мектеп директоры- Билялова Н.Ж.

Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы Садықов Д.Ш.

Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Касенова Ж.А.

Мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы Лизогуб И.Н.

Мектеп педагогы Кабдушев Д.М.

Конкурс комиссиясының хатшысы Мухамеджанова С.С.

Қатыспады: Директорың ТІЖ орынбасары Жирнова С.С. (себепті)

Конкурс отырысы 16 тамыз сағат 11.00. басталды. Комиссия отырысын комиссия төрайымы бастады.

Тыңдалды: Таранцева Н.Ю. Педагогтардың бос лауазымға және уақытша бос лауазымға ұсынған бос орындар туралы айтып өтті. Конкурс 2023 жылдың 1-9 тамыз аралығында интернет-ресурстарда 8 бос орынға конкурс жарияланғанын айтты. 9 тамыз құжаттарды қабылдауға соңғы күн болды. Байқауға 5 кандидаттан өтініш түсті. Олар: Баграмова А.А.-бастауыш сынып мұғалімі, Досанов Е.К.- информатика мұғалімі, Баймағамбетова М.К.-әлеуметтік педагог, Шадренкова И.А.- шетел тілі (ағылшын) мұғалімі, Балтабаев М.К.-педагог-психолог. Төрайым әрбір кандидаттың құжаттарымен таныстырды. Комиссия мүшелерінің әр кандидат бойынша ұсыныстары тыңдалды.

Барлық құжаттар «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012ж.№ 57 бұйрығы, 107 б. сәйкес жинақталған.

Конкурсқа қатысуға кандидаттардан 1-9 тамыз аралығында 5 өтініш қабылданды:

1. Баграмова А.А. Кандидат құжаттары барлық ережеге сай. Педагог санаты бар. Барлық құжаттар 107 б. сәйкес келеді. (Еңбек кітапшасындағы техникалық қатені қарастыру комиссия хатшысына тапсырылды.)
2. Досанов Е.К.- информатика пәні мұғаліміне өтініш білдірді. Бұйрықта көрсетілген барлық құжаттар тізімі 107б.сәйкес жинақталған, жүйеленген. Педагог-модераторға өтуге аудандық бұйрық күтілуде, педагог-модераторға алған балы сәйкес келеді.
3. Баймағамбетова М.К.- әлеуметтік педагог ретінде конкурсқа өтініш білдірді. Конкурс кезеңінде құжаттары толық жинақталған. Жас маман ретінде видеожазба ұсынылған. Басқа құжаттары толығымен жинақталған. ПББ өту тапсырылды. Кандидат резервке қойылды.
4. Шадренкова И.А.- шетел тілі (ағылшын) мұғаліміне конкурсқа өтініш берді. Құжаттары толық бар.
5. Балтабаев М.К.-педагог-психологқа өтініш білдірді. Құжаттар толығымен жинақталған.

Шешім қабылданды:

1. Баграмова А.А. –бастауыш сынып мұғаліміне 1 қыркүйектен жұмысқа қабылдау ұсынылды.
2. Досанов Е.К.- информатика пәні мұғаліміне 1 қыркүйектен қабылдау ұсынылды. (педагог- модератор куәлігін құжатқа қосу хатшыға тапсырылды)
3. Баймағамбетова М.К.- әлеуметтік педагог ретінде резервтен жұмысқа 1 қыркүйектен қабылдауға ұсынылды. Алдағы уақытта ПББ-дан өту тапсырылды.
4. Шадренкова И.А.- шетел тілі (ағылшын) мұғаліміне 1 қыркүйектен қабылдау ұсынылды..
5. Балтабаев М.К.-педагог-психологқа өзінің бас тартыуына байланысты комиссия өтінішімен танысып, уақытша бос лауазым конкурсқа қайта ұсыну шешілді.

Екінші комиссия отырысында келесі бос\ уақытша бос орындардар конкурсқа шығарылуға шешім қабылданды: физика-1,физика-1,педагог-психолог-1,мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешісі-1.

Конкурс комиссиясы:

Таранцева Н.Ю
Садықов Д.Ш.
Касенова Ж.А.
Билялова Н.Ж.
Жирнова С.С.
Балгабаева Г.Д.
Лизогуб И.Н.
Кабдушев Д.М.
Хатшы Мухамеджанова С.С.